

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-
ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ

ДІНТАНУ КАФЕДРАСЫ



**АХМЕТ ЯСАУИ
УНИВЕРСИТЕТІ**

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»
БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН
«ОРТА АЗИЯДАҒЫ ИСЛАМИ ТАНЫМНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»**

АТТЫ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ МАТЕРИАЛДАРЫ

16 қазан, 2018 жыл

Түркістан - 2018

МАЗМҰНЫ

1 Досай Кенжетай. Біздің жолымыз - «Ханафи мазхабы».....	4
2 Матибаева Р. Наследие имама Абу Ханифы.....	18
3 Зиёдов Ш. Мусульманские источники по истории Средней Азии периода присоединения её к России	22
4 Мухамадиев О. The Contribution of Alouddin Usmandi Samarkandi to the development of Islamic Sciences	31
5 Абжалов С. Орта Азиядағы ислам тарихы және ханафилік дәстүр.....	36
6 Байтенова Н.Ж. «Әһли-сунна» жолының қалыптасуы және Әбу Ханифа ілімі.....	42
7 Умаров Ш. Famous muhaddiths of Central Asia.....	48
8 Шәкизада С. Ислам дініндегі тәбәрік ұғымының қазақ халқының діни танымындағы көрінісі	52
9 Қаратышканова Қ.Қ. Орталық Азия аймағындағы дәстүрлі діни білім беру және ханафилік	59
10 Нурматов Ж.Е. Орта Азиядағы ханафи ғалымдары.....	63
11 Мырзабеков М. Орта Азиядағы діндер мен мазхабтар тарихында Матуриди ілімінің орны.....	70
12 Мирзагелдиев Б. Орынбор муфтилігінің алғашқы мүфтиі Мұхамеджан Хусайновтың қазақ даласындағы қызметі	76
13 Сандыбаев Ж. Әл-Фарабидегі «Бірінші басшы»	81
14 Абдрахманова Л.А. Ислам діні мен қазақ халқының салт-дәстүріндегі бала тәрбиесі.	87
15 Алиева А. Положение женщины в исламских государствах	91
16 Байтенова Н.Ж., Камалова Ф.Б. Сыр өңіріндегі тұңғыш мұсылмандық кесенелер	100
17 Байтенова Н. Ж., Шойбек Б. Современные формы проявления религиозного экстремизма и терроризма в условиях глобализации.....	106

«ӘҺЛИ-СУННА» ЖОЛЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ӘБУ ХАНИФА ІЛІМІ

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
филол.ғ.д., профессор Н.Ж.Байтенова*

Исламда құқықтық не доктриналдық мектептер негізін салған адамның есімімен аталатын болған. VII-VIII ғасырларда орталығы Куфа қаласы болып табылатын Ирак аймағында пайда болған Имам Ағзам Әбу Ханифа негізін қалаған мектепке Ханафи мәзһабы деген атау берілген. Ол 699 жылы Куфа қаласында дүниеге келді. Исламдағы құқықтық мәдениет пен ижтиһадтық философияның дамуына ерекше үлес қосқан Әбу Ханифаны (699-750жж.) Имам Ағзам, яғни Ұлық Имам деп атаған.

Харижиттер, Жахмия, Қадария, Муғтазила, Мушаббиха және Муржия секілді ақида мәзһабтарының қалыптаса бастаған тұсында өмір сүрген Әбу Ханифаның сенім негіздеріне қатысты көзқарастары сүнниттік теологияның қалыптасуына алғышарт жасады. Оның ғылымға бет бұруына Әбу Амр әш-Шағбийдің орны ерекше. Дүниетанымыдық жүйесінің қалыптасуында ең көп еңбегі сіңген адам он сегіз жыл ұстаздық еткен Хаммад бин Әбу Сүлеймен болып табылады. Бұлармен қатар Ибраһим ән-Наһаи, Масрұқ бин Ажда, Қады Шурәйх, Асуад бин Язид және Алқама бин Қайс сынды ғұламалардан да сабақ алады.

Ханафи мәзһабының діни доктринасының қалыптасуына ықпалы зор болған Ирак жері, оның ішінде Куфа қаласы Омейядтар халифаты тұсында түрлі мәдениет пен өркениеттердің тоғысқан орталығы еді. Сонымен бірге Куфа қаласының Парсы және Грек мәдениетіне жақын жерде орналасқаны да ескерілетін жайт. Осыған байланысты табиғундар кезеңінен бастап аймақта белсенді түрде дамыған ғылым мен мәдениетті, дінді түсіндіруде рационалдық ұстанымның басым болғанын байқауға болады. Алайда Ирактағы фикһ ғылымы табиғундар емес, олардан кейінгі ұрпақ әтбаут-табиғундар кезеңінде жүйеленіп, бір ізге түсірілді. Алғашқы кездерде Ирак фикһ дәстүрінің өкілдеріне рәй өкілдері деп айтылғанымен уақыт өте келе бұл Әбу Ханифаға тән мектеп ретінде қаралды.

Әбу Ханифаға негізделген Ирак фикһ мектебінің қалыптасып халық тарапынан, мемлекет билеушілері тарапынан мәзһаб ретінде қабылдануы және ислам әлемінде кеңінен тарала бастауының өзіндік себептерінің бар екені ақиқат. Жалпы мәзһабтардың қалыптасуына ықпал еткен ішкі және сыртқы факторлардың барлығын талдай келе Ханафи мәзһабының қалыптасуы мен дамуында маңызды себептер ретінде Әбу Ханифаның шәкірттерінің қызметін, мәзһабтың құқықтық негіздерінің жүйеленуін, халифаттың ресми мәзһабы ретінде қабылдануын көрсетуге болады.

Әбу Ханифадан сабақ алып, оның ғылыми мәжілістеріне кеңестеріне қатысып жүрген шәкірттері мен дос-жарандары Ханафи мәзһабын насихаттап, таратуда орасан еңбек атқарды. Әбу Юсуф, Мұхаммед бин Хасан

эш-Шайбани, Зуфар бин Хузайл Әбу Ханифаның ең атақты шәкірттері болып табылады. Ханафи мәзһабының алғашқы буындары саналатын Әбу Юсуф, Имам Мухаммед, Зуфар, Хасан бин Зияд сияқты мужтаһид ғалымдардың тәрбиесінен өткен шәкірттер Хорезм, Батыс Түркістан, Хорасан және Мәуреннахр сияқты ислам дінін жаңадан қабылдаған аймақтарда ұстаздарының көзқарастарын таныту мен тарату жолында үлкен жұмыс жасады. Мысалы Бәззәзи, Әбу Ханифаның 800-ге жуық шәкіртінің есімдерімен қоса қай жерлерде қызмет еткеніне дейін көрсеткен [1].

Харун Рашидтен бастап Аббаси халифаларының бас қазылық қызметіне Ирак фикһ мектебінің өкілдерін басқаша айтқанда Ханафи мәзһабының факиһтерін тағайындауы ханафиликтің Ирак, Иран, Хорасан және Батыс Түркістанда жайылуында маңызды рөл атқарды. Ханафи мәзһабының таралуында Аббаситтерден кейін Селжук және Османлы мемлекеттерінің рөлі үлкен болды. Селжук билеушісі Тұғрул Бей Нишапур, Исфахан, Хамадан секілді ханафилик аз танылған аймақтарда осы мазһаб өкілдерінен қазыларды тағайындап, кең таралуына жағдай жасады. Османлылар бүкіл діни мәселелерді осы мәзһабқа сүйеніп шешті және мемлекеттің саясатында да маңызды орынға ие болды. Бұл жерде ханафи мәзһабы ресми биліктің қолдауымен ғана күшейіп, дамыған деген бір жақты көзқарас қалыптаспау керек. Себебі ханафи ғалымдары үнемі белсенді қызмет етті, басқа мәзһаб ғұламаларымен ғылыми пікірталастар жасап, мәзһабты насихаттау жолында аянбады. Осы ғалымдардың қажырлы еңбегінің арқасында мәзһаб көптеген елдерге таралып, танымал болды және мемлекет тарапынан қолдау болмаған кезде де өз күшін жоғалтпады.

Қорыта келгенде Әбу Ханифа және Ханафи ғұламаларының мәзһабты таратуда сіңірген еңбектері, Аббаси мемлекетінің бұл мәзһабты ресми мәзһаб статусын беруі, мәзһаб имамдарының қазылық қызметтерге отыруы және осыған ұқсас бірінші және екінші деңгейде ықпал еткен себептердің нәтижесінде Ханафи мәзһабы әуелі Ирак аймағында, сонан соң Хорасан, Батыс Түркістан, Хорезм сияқты аймақтарда кеңінен танылды. Түркілердің X ғасырдан бастап жаппай мұсылмандықты қабылдауының нәтижесінде Ханафилик үнемі үстем мәзһаб ретінде сақталды. Селжуктар мен Османлылар билігі тұсында Анадолы мен Балқан түбегіне дейін жетті. Ханафилик Османлылардың кезінде қоғамдық қатынастардың барлық саласында басшылыққа алынды. Аббасилерден кейін Османлыларда да шамамен алты ғасырға жуық шариғи үкімдер мен пәтуалар Ханафиликке негізделіп шығарылды.

Қазіргі таңда әлемдегі мұсылмандардың шамамен үштен екі бөлігі ханафи мәзһабын ұстанушылар. Мұндай кеңінен таралып, танылу нәтижесінде Ханафи мәзһабы фикһ мәдениетінде, әрі халық арасында әрі саяси билік жүйесінде ең жоғарғы деңгейдегі ғалымдарды шығарды. Ешбір мәзһаб қол жеткізе алмаған деңгейде көптеген еңбектер дүниеге әкелді. Егер нақты деректермен беретін болсақ қазіргі уақытта Туркия, Балқан түбегі, Босния, Әзірбайжан, Қазан, Уфа, Қырым, Кавказ, Сібір және Орта Азия

Түркілері, Қытай-Жапон мұсылмандары, Ауғанстан, Үндістан, Пакистанның басым бөлігі Ханафи мазхабында. Йемен, Хижаз Мысыр, Палестина, Алжир және Тунисте аз мөлшерде ханафилер бар. Эфиопия, Сирия және Иракта бұларға қарағанда көбірек [2].

Әбу Ханифа мәзһаб имамдарының арасында хадистерді сынау барысында Құранды негізге алу әдісін көп қолданды. Әбу Ханифаның бұл әдісті көп жағдайда даулы мәселелерде өзін растап шығу мақсатында қолданғанымен тиімді қолданар болса деректерді талдауда бұл әдістің маңыздылығын ешкім жоққа шығара алмайды. Оның бұл әдіспен негізінде жалған, күмәнді хадистерді Құран таразысына салғаны байқалады. Ибн Хазмның айтқанындай «Расында Құранға қайшы сахих (дұрыс, ақиқат) хабардың болуына мүмкіндік жоқ» [3]. Әбу Ханифаның өмір сүрген дәуірі саяси, әлеуметтік және мәдени қақтығыстардың өршіп тұрған, жалған хабарлардың (хадис) көптеп шығарылып жатқан кез екенін ескерсек Құран секілді өзгермеген мәтінді төрелікке алу қажеттіліктен туындағаны анық байқалады.

Әбу Ханифа және шәкірттерінің шариғи үкім шығаруда хадистерді қандай өлшемдермен негізге алғанын және бұған қалай интерпретация жасағанын қысқаша былай көрсетуге болады:

- Құранға сәйкестік: Ханафилердің Құранға сәйкестік мәселесі сахабалар заманынан тәжірибеде қолданылған жағдай. Сонымен қатар бұл әдісті басқа мәзһабтар да теріске шығармаған. Әбу Ханифа бұған қатысты былай дейді: «Егер бір адам «Пайғамбардың айтқанына сенемін, пайғамбар әділетсіз нәрсе айтпайды және Құранға қайшы сөйлемейді» десе, бұл жағдай оның пайғамбарға сенетінін және оның Құранға қарсы сөз айтпайтынын қабылдағанын білдіреді. Егер пайғамбар Құранға қарсы шықса және Алланың айтқандарынан басқа бір нәрсе айтар болса, Алла Тағала «Егер Мұхаммед Құранға кейбір сөздер қосқан жағдайда, біз оны дереу қолға түсірер едік, сосын тамырын суырып алар едік. Ешбіріңіз де оны қорғай алмас едіңіздер (Хаққа, 44-47)» деген сөзіне сәйкес оны аятта айтылғандай күретамырын қопарып алған болар еді. Алланың елшісі, Алланың кітабына қарсы келмейді. Алланың кітабына қарсы шыққан Алланың елшісі бола алмайды. Пайғамбардан Құранға қайшы хадис жеткізген адамды терістеу, пайғамбарды терістеп, жоққа шығару емес. Бұл тек қана пайғамбардан дінге қайшы хадисті жеткізген адамды терістеу болып табылады. Кемшілік осы адамда, пайғамбарда емес. Сондықтан Пайғамбардың айтқан әрбір сөзін есітейік, есітпейік қабылдаймыз. Бұған иман келтіреміз және Алла елшісінің айтқандарына өз қалпында куәлік етеміз. Оның Алла терістеген нәрсені бұйырмайтынына да куәлік етеміз. Алла мақұл көрген нәрсеге қайшы ештеңе айтпайтынына да куәлік етеміз. Тағы да куәлік етеміз ол, бүкіл нәрселерде Алламен бірге және дінге жат боларлық іс-әрекет жасамаған. Ол туралы Алла Тағала: «Кім пайғамбарға бағынса, Аллаға бағынған болады» (Ниса, 80) деп бұйырған [4].

Әбу Ханифаның мына сөздерінен хадистерді мазмұндық жағынан талдауда басшылыққа алған ең маңызды өлшемі Құранға сәйкестік мәселесі екені анық көрініп тұр. Шәкірттері де осы мұқияттылықты сақтаған. Әсіресе бұл мәселеге көп маңыз берген шәкірті Әбу Юсуф болды.

- Адамға берілген маңыз: Басқа мәзһаб имамдары мен ғұламаларымен салыстырғанда адамның құқықтары мен адами құндылықтарын алдыңғы орынға қойған Әбу Ханифа болды десек артық емес. Белгілі бір мәселеде үкім шығару барысында асқан жауапкершілік танытып, күдікті жайттарда дүре соғу және басқа осыған ұқсас ауыр жазаларды қолданудан ашақ тұрды. Барынша адамдарды қорғайтын үкімдер шығарды және мұсылман еместердің құқықтары мәселесінде сақтықпен әрекет етті.

- Жеңіл және ең ыңғайлысын алу: Адамдар үшін жеңіл әрі ыңғайлысын алып, сол арқылы үкім шығару бұл мәзһабтың ең басты принциптерінен саналады. Мұны фикһ терминологиясында «истихсан» деп атайды. Истихсан, қиясты тастап, адамдар үшін ең тиімдісін таңдау дегенді білдіреді. Жалпы истихсандағы басты негіз ауыр, қиын болғандарды тастап, жеңілдерді таңдау. Діннің басты мұраты да осы болып табылады.

- Мақсатқа сай болғанды таңдау: Пайғамбардан жеткен хадистердің арасынан мақсатқа сай болғанын алу Әбу Ханифаның баса назар аударған жайттарынан бірі. Негізі факих ғұламалардың басты міндеті кез-келген хадисті шарихи үкім шығаруда ала салу емес, ішінен мақсатқа сәйкес келетінін негізге алып үкім шығару. Хадистерге қатысты бұл ұстаным басқа ғұламалар тарапынан да басшылыққа алынған.

- Әдет-ғұрыпқа сәйкестік: Ханафи мәзһабы өзге мәзһабтардан дәл осы әдет-ғұрыпқа ерекше мән беруі арқылы дараланады. Ислам құқығының келесі басты ұстанымдарының бірі ол - «заманның өзгеруіне байланысты үкімдердің өзгеретіндігі» қағидасы. Бұл исламның ерте кездерінен қолданылған. Әбу Ханифа және шәкірттері исламның жайылуымен бірге орын алған және бетпе бет келген өзгерістермен тығыз қатынаста болғандары күдіксіз. Сондықтан да діни үкімдерді және хадистерді түсіндірме жасауда бұл жағдай назарға алынып жұмыс жүргізген.

Имам Ағзам Әбу Ханифа фикһ ғылымында үлкен ғалым болумен қатар ақида (ислам сенім негіздері) және кәлам саласында да салмақты ойлар қалдырған дара тұлға. Оның көзқарастары көпшілік тарапынан қолдау тапты. Көзқарастары жүйеленіп, өзінен кейін исламда жеке бір мектеп ретінде қалыптасты. Әбу Ханифа ислам тарихында харижиттер, муғтазила, қадариттер, жабрия, муржия және шииттер секілді топтардың жеке-жеке ағым болып қалыптаса бастаған тұсында өмір сүрді. Сунниттік кәлам мектебінің жүйеленуіне алғышарт жасады. Әбу Ханифаның ақидаға қатысты көзқарастары шәкірттері Әбу Юсуф, Әбу Мутий әл-Балхи және Әбу Муқатил әс-Самарқанди тарапынан қаламға алынып, жеткізілді. Оның ой-пікірлерін әл-Алим уәл-Мутааллим, әл-Фикһул Әкбар, әл-Фикһул Абсат, әр-Рисала, әл-Уасия деп аталатын трактаттарынан және басқа да мәзһабтар тарихына қатысты еңбектерден көруге болады.

Әбу Ханифа Алланың бар екендігіне қатысты мыналарды айтады: «Әлем және оның ішіндегі болмыстар Алла тарапынан жоқтан жаратылды. Көктердің және дүниенің ешбір кемшіліксіз, жүйелі түрде жаратылуы, болмыстың бір күйден екіншісіне ауысып отыруы, сәбидің көркем бейнеде ана қарнынан шығуы білушілердің білушісі және ғибрат иесі ұлы жаратушының бар екендігін көрсетіп тұрған ашық айғақтардан болып табылады. Ақыл, дауылды толқындарда ауыр жүк тиелген кеменің бір капитансыз дұрыс бағыт алуының мүмкін еместігін қалай қабылдаса, бұл әлемнің де бір жаратушысыз бар болуын соншалықты мүмкін емес деп біледі» [5]. Әрбір адам осы нәрселер төңірегінде ой толғаса Алланың бар екеніне байланысты ақиқатқа қол жеткізе алады. Осы себепті діни уағыз жетпегеннің өзінде әрбір ақыл иесі адам баласы Алланың бар екеніне, бір екеніне, ұлылығына сенуі міндетті.

Тағдыр және Құлдардың (муминдердің-сенушілердің) іс-әрекеттері: Әлемде болып жатқан бүкіл құбылыстар Алланың тағдырымен пайда болады. Өйткені, Құран-Кәрімде (қамар 54/49), (Жүніс 10/34399) және хадистерде барлық нәрсенің жаратылмай тұрып алдын ала жазылып қойылғанын және пайда болған әр нәрсенің осы жазмышқа қарай жүзеге асатынын анық білдірген. Алла Тағала жақсылық пен жамандықты қоса барлық болатын нәрселерді өз ғылымымен білген және ләуһи-махфузға (қорғалған тақта) жазған [6, 483 б.]. Бұнысымен (алдын ала жазып қою арқылы) сенушілерді иман етуге, кәпірлерді күпірлік жасауға мәжбүрлемеген, барлығына іс-әрекеттерін өз еркімен жүзеге асыру үшін мүмкіндік берген. Әрбір адамға қаласа иман келтіретін, қаласа күпірлікке түсіп, ақиқатты терістей алатын ерік пен күш-жігер берген. Адамға берілген ерік пен күш-жігер күпірлік етуге де иманға келуге де ыңғайлы. Иман ету үшін басқа, күпірлік жасау үшін басқа бір ерік пен күшке қажеттілік жоқ. Өйткені әркімнің тағдырын Алла өз еркімен жүзеге асыратындай етіп жазған. Осыған байланысты адам анасынан мумин немесе кәпір болып туылмайды, мумин бола тұра кәпір, кәпір бола тұра мумин болуы да мүмкін [6, 420 б.].

Әбу Ханифаның ойынша адамдарды айтқан сөздеріне, құлшылық түрі мен діни белгі саналатын сыртқы киім үлгісіне қарап күпірлікпен айыптауға болады. Мумин, яғни сенуші екенін айта тұра Алланың сипаттарын жоққа шығарған немесе жаратылғандарға ұқсатып, тағдырға сенбеген, Құранда анық етіп көрсетілген үкімдерді қабылдамай күнә жасауды дұрыс деп тапқан және Құранның бір әрпін де болса жоққа шығарған адам кәпір саналады. Алайда Құранды түсіндірме жасау (тәпсір) арқылы үкімдер шығарған, пайғамбардан жеткег хадистерге сүйенген кейбір ақида негіздерін қабылдамаған адам күпірлікпен айыпталмайды [7].

Осы айтылғандарға қарағанда Әбу Ханифа Ислам әлемінде пайда болған саяси, дүниетанымдық және сенімдік тұрғыдағы бөлінулерден алдымен Құранға, сонан соң оған қайшы келмейтін сахих хадистерге сүйеніп Ислам ақидасын нақтылауға тырысқан ерте кезеңдегі ислам ойшылдарының басында тұрған дара тұлға. Нақыл мен ақылды теріске шығармады. Екі

негізге де сүйенді. Сенімдік мәселелерді түсіндіру үшін ақылға негізделген қиястар жасады, исламдық танымы Құран, сахих хадистер және сахабаның ірі бастыларының пікірлері негізінде қалыптасқандықтан сыртқы ықпалдардан алыс болды. Ислам ақидасының негізгі мәселелері төңірегіндегі көзқарастары ғалымдар арасында үлкен әсерге ие болды. Әбу Ханифаның көзқарастарын Әбу Жафар әт-Тахауи және шәкірттерінің шәкірттері болып келетін Әбу Мансур әл-Матуриди мен Әбул-Муин ән-Насафи дамытып, таратты. Әбул Муин ән-Насафи Самарқанд ғұламаларының Әбу Ханифа көзқарастарын мәзһаб деңгейіне әкелгенін айтады [8]. Артынша Матурийдің ізімен жүріп отырған ғұламалар тарапынан дамытылған сенімдік (ақида) көзқарастары қазіргі кезге дейін жетіп келді.

Жалпы алғанда, Ханафи мазхабын қазіргі әлем мұсылмандарының үштен екі бөлігі ұстанып отыр. Ал фикһта ханафи мазхабын ұстанушылардың түгеліне жуығы ақида мәселесінде матуридилік ілімді басшылыққа алады. Дегенмен, ханафилік-матуридилік дәстүр және оның Орта Азия халықтарының рухани өміріндегі орны мен маңызы әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Матуридилік салыстырмалы түрде өзге мазхабтарға қарағанда өте аз зерттелген. Оған әр түрлі мәдени, саяси және географиялық жағдайлар себеп болды. Сондықтан матуридилік бойынша зерттеулер тым аз болғандықтан, алдағы уақытта осы бағыттағы зерттеулерді жалғастыру аса маңызды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Bezzazi. Menakibu Ebu Hanife. – Beyrut, 1981. – S. 3.
- 2 Яблоков И.Н. История религии. – М.: Высшая школа, 2007. – Т. 2. – С. 620-621. Богомоллов А.И. Религии Мира. – Ростов на Дону: Феникс, 2005. С. 543.
- 3 Ibn Hazm. el-Ihkam fi Usulil-Ahkam. – Misir, 1969. – S. 81.
- 4 Ebu Hanife. El-Alim vel-Muteallim. – Istanbul, 1981. – S. 26-27.
- 5 Beyazizade. Imam Azam Ebu Hanifenin Itikadi Gorusleri. – Istanbul, 2000. – S. 40.
- 6 Maturidi. Kitabut-Tevhid. – Ankara, 2003. – S. 483.
- 7 С.У. Абжалов. Әбу Ханифа ілімі және сунниттік теология. – Түркістан, 2018. – Б.71.
- 8 Nesefi. Tebsiratul Adille. – Dimask, 1993. – С. 1. – S. 148-149.

FAMOUS MUHADDITHS OF CENTRAL ASIA

*Umarov Shukurilla Hursanmurodovich,
Uzbekistan, Imam Bukhari International
Scientific- Research Centre, deputy director
doctoral candidates,
Тел: +99894 180 1191
E-mail: abutolib71@mail.ru*

Resume: Described in this article, who lived in the Middle Ages muhaddith and scientific relations between them. Who worked in Central Asia hadith information about schools and their activities.

Key words: Movarounnahr, Muhaddith, hadith, musnad, sahih, Bukhari, Tirmidhi, Marvaziy, Shash, Caches.

Considered the birthplace of Mavaraunnahr the huge thinkers, great muhaddiths and are great muhaddith and scientists, prominent intellectuals and commentators, scholars and historians mutakallims life and scientific heritage has a special place in history. If we study the life of Muhaddiths and scientists we witness creative partners refer to the close relationship between scientific and practical relationship.

Wrote the first book of hadith by al-Abdullah bin Mubarak Marvaziy in Maverounnahr. Then, many scholars have emerged. Their Ahmad ibn Hanbal Marvaziy, Ishaq ibn Rohavayh Marvaziy, Haytham bin Kulayb Shoshi, Abu Bakr Ahmad ibn Muhammad Barokotiy, Ibrahim ibn Makhul Nasafiy and other Central Asian scholars. [1:5]

Introducing many scientists prove that the pride of the world in science who lived at the age of VIII-X from the Mavaraunnahr. It worked at this time more 3000 Muhaddiths.[9:2] Samarkand, Shash, Caches, Bukhara and Nasaf was one of the most prestigious cities of the Islamic world. Often we will see historical sources understood as including scientific cooperation links and the corresponding relations of Shaykh and students when we learn life of Muhaddith. Remark well-known scientists Quran, Hadith, Arabic language and knowledge of other sciences written by "Zafarnama" historical book. Met and lived and worked cooperation in the city of Kesh Imam Keshi, Imam Muslim, Imam Bukhari, Imam Darimi and others. Came students from the other Islamic country into the Cache, to seek knowledge, Hadith and met with them at this time. [13:345]

Relations on the occasion of the teacher and students was among Imam Bukhari and Imam Kishi. We'll base by this sources: Book of "Siyar alamu Nubalo," narrated the hadeeth in which Imam Bukhari, Imam Tirmidhi and Imam Muslim of Abdul Khamid Kesha.[11:235]

Professor of Oriental Languages S. Prozorov said:"Abdul Hamid Keshi large muhaddith he lived in the city of Kesh. Keshi was one of the teachers of Imam Bukhari. Keshi always worshiped to the mosque for prayer and did not come out of it, but only exit at midnight. This continues the habit constant and great scientists.[16:26]